

Jean Monnet Module 101176925- SOLUTION-ERASMUS-JMO-2024-HEI-TCH-RSCH “Миграциядағы гендерлік мәселе: еуропалық тәсіл” жобасы аясында Экономика, Дүниежүзілік экономика және Халықаралық қатынастар мамандықтарының студенттеріне “Миграциядағы гендерлік мәселелерді шешуге еуропалық тәсіл” атты жаңа модуль ұсынылды. Курсты Jean Monnet Module грантының иегерлері: С.Т. Әбеуова (жоба жетекшісі), Г.М. Байгожина және К.А. Невматулина таныстырды.

Бұл курс өзекті және күрделі мәселеге - Еуропалық Одақтағы миграцияның гендерлік аспектілеріне арналған. Онда еуропалық елдердің миграциядағы гендерлік мәселелерді шешуге қалай қарайтыны, қандай саясат пен бағдарламаларды жүзеге асыратыны, сондай-ақ бұл салада қандай қиындықтар мен мүмкіндіктер бар екені қарастырылады. Біз ЕО заңнамасын, еуропалық елдердің озық тәжірибелерін, сондай-ақ мигранттардың құқықтарын қорғауда және гендерлік теңдікті қамтамасыз етуде халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғамның ролін талдаймыз.

